

МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

БЕКІТІЛГЕН

«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан
медицина университеті»

КеАҚ Басқармасының

25 12 2023 жылғы


№ 49 хаттамасымен

«МАРАТ ОСПАНОВ АТЫНДАҒЫ БҚМУ» КЕАҚ БІЛІМ
АЛУШЫЛАРЫНЫҢ ІШКІ ТӘРТІП

ЕРЕЖЕЛЕРІ

Коды	Басылым	Құрастырған	Келісіді	Қолы	Күні
Е БҚМУ 01-01-05	Бесінші	Алекенова Н.У.  _____ 2023 г.	Абенова Н.А.		22.12.23
			Урумбаева А.Н.		21.12.23

Ақтобе, 2023

	<p align="center">«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ</p>	<p align="center">Дата: 20.12.2023</p>	<p align="center">Басылым: бесінші</p>
	<p align="center">«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ білім алушыларының ішкі тәртіп ережелері</p>	<p align="center">Е БҚМУ 01-01-05</p>	<p align="center">Стр. 2 из 9</p>


1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. «Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ білім алушыларының ішкі тәртіп ережелері (бұдан әрі - Университет), Қазақстан Республикасы Конституциясының ережелеріне, ҚР қолданыстағы «Білім туралы» Заңына, "Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы, БҒМ «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» №152 бұйрығына, Университет жарғысына, Университеттің академиялық саясатына және университеттің басқа да ішкі құжаттарына (ережелерге, қағидаларға, нұсқаулықтарға, рәсімдерге және т.б.) сәйкес оқу процесінде де, сабақтан тыс уақытта да білім алушылардың мінез-құлқын реттеу мақсатында оқу процесін ұйымдастыру шарттарына қатысты әзірленді.
- 1.2. Ішкі тәртіп ережелері (бұдан әрі - Ережелер) білім алушылардың өкілдерімен талқыланғаннан кейін, олар Басқарма отырысында бекітілген кезден бастап күшіне енеді.
- 1.3. Ережелерді қолдануға шектеу (тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенге дейін немесе жаңа ережелер қабылданғанға дейін) қойылмайды.
- 1.4. Ережелерге өзгерістер мен толықтырулар оларды басқарма отырысында қабылдау тәртібімен жүргізіледі.
- 1.5. Білім алушылар келесідей университеттің ішкі нормативтік құжаттарда көрсетілген барлық ішкі талаптарын сақтауға міндетті: Академиялық саясат, Академиялық адалдық саясаты, Білім алушылардың ішкі тәртіп ережелері және Білім алушылардың ар-намысы мен мінез-құлық кодексі.

2. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ НЕГІЗГІ ҚҰҚЫҚТАРЫ

Университетте білім алушылары құқылы:

- 2.1. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес сапалы білім алуға.
- 2.2. Кафедралар ұсынатын элективті пәндерді таңдауға.
- 2.3. МЖМБС талаптарын сақтаған жағдайда өз білімінің мазмұнын қалыптастыруға қатысу. Аталған құқық білім алушы мен оған білім алуға және кейіннен жұмысқа орналасуға жәрдемдесетін жеке немесе заңды тұлға арасында жасалған шарттың талаптарымен шектелуі мүмкін. Келісімшарт бойынша ақылы білім беру қызметтерін алуға.
- 2.4. Шарт бойынша ақылы білім беру қызметтерін алу:
 - қосымша білім беру бағдарламалары бойынша қызметтер;
 - арнайы курстар мен пәндер циклдерін қосымша оқыту бойынша қызметтер;
 - жеке кестемен жекелеген білім алушылармен оқу жоспары бойынша сағат санынан тыс пәндер бойынша қосымша сабақтар өткізу бойынша қызметтер;
 - білім алушылармен пәндерді қосымша тереңдетіп оқыту бойынша қызметтер (мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттардың тиісті білім беру бағдарламалары шеңберінен тыс).
- 2.5. Университетті басқаруға қатысуға.
- 2.6. Басқа жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарынан және бір білім беру бағдарламасынан екіншісіне ауысуға және қайта қалпына келтіруге.
- 2.7. Университеттің ақпараттық ресурстарын тегін пайдалануға, Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілеген тәртіппен оқулықтармен, оқу-әдістемелік кешендермен және оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілуге.
- 2.8. Кітапхана, спорт, оқу, акт залдарын тегін пайдалануға.
- 2.9. Университеттің оқу, ғылыми, емдеу және басқа құрылымдарының қызметтерін Жарғыда белгіленген тәртіппен пайдалануға.
- 2.10. Ғылыми-зерттеу, тәрбие жұмыстарының барлық түрлеріне, конференцияларға, симпозиумдарға қатысуға.


	«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ	Дата: 20.12.2023	Басылым: бесінші
	«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ білім алушыларының ішкі тәртіп ережелері	Е БҚМУ 01-01-05	Стр. 3 из 9

- 2.11. Оқудан бос уақытында қосымша жұмыспен қамту шартымен оқуды кәсіптік қызметпен және басқа да жұмыспен ұштастыру.
- 2.12. Өз жұмыстарын басып шығаруға ұсынуға, оның ішінде университет басылымдарына да.
- 2.13. Жасалған келісімшарттарға және түлектерді жұмыспен қамту туралы заңнамаға сәйкес университеттен халықты жұмыспен қамту саласындағы жағдай және мамандық бойынша жұмысқа орналасу мүмкіндіктері туралы ақпарат алуға.
- 2.14. Өз пікірі мен сенімін еркін білдіруге.
- 2.15. Университет әкімшілігінің бұйрықтары мен өкімдеріне ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен шағымдануға.
- 2.16. Өз адами қадір-қасиетін құрметтеуге.
- 2.17. Оқудағы, ғылыми және шығармашылық қызметтегі жетістіктері үшін көтермелеуге және марапаттауға.
- 2.18. Білім алушыларға медициналық көрсеткіштер бойынша және өзге де ерекше жағдайларда академиялық демалыс берілуі мүмкін.
- 2.19. Мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес оқуға қабылданған білім алушыларды Университет белгіленген тәртіппен жатақханамен қамтамасыз етеді.
- 2.20. Ғылыми конференцияларға, жарыстарға, олимпиадаларға, қоғамдық-саяси іс-шараларға қатысу, деканаттың өкімі, ректордың бұйрығы негізінде білім алушы ағымдағы бақылаудың орташа балын сақтай отырып, сабақтар мен дәрістерден босатылады.
- 2.21. Университет өткізетін және оқу жоспарында көзделмеген іс-шараларға еркін қатысу.

3. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ

Университетте білім алушылар міндетті:

- 3.1. Таңдалған мамандық бойынша оқу жоспарын орындауға және оқу бағдарламаларын меңгеруге.
- 3.2. Міндетті оқу сабақтарына адал қатысу және тиісті оқу жоспарлары мен оқу бағдарламаларында көзделген тапсырмалардың барлық түрлерін белгіленген мерзімде орындау. Білім алушыларды оқу үдерісінен алшақтатуға жол берілмейді. Оқу жоспарына сәйкес міндетті түрде элективті пәндерді таңдауға.
- 3.3. Өз денсаулығын күтуге, жалпы мәдениетін, адамгершілігін көтеруге және өзін-өзі физикалық тұрғыдан жетілдіруге ұмтылуға.
- 3.4. Университеттің оқу және өзге де орындарына, жабдықтарына, оқу құралдарына, әдебиеттеріне, аспаптарына, басқа да мүліктеріне ұқыпты және мұқият қарауға.
- 3.5. Зертханалардан, кабинеттерден, аудиториялардан, оқу, тұрмыстық ғимараттардан және басқа да орындардан заттар мен жабдықтарды шығармауға.
- 3.6. Қолданыстағы заңнама нормаларына сәйкес Университет мүлкіне келтірілген залал үшін материалдық жауапкершілікті болуға.
- 3.7. Университет оқытушыларының, қызметкерлерінің, басқа да білім алушылардың ар-намысы мен абыройын құрметтеуге.
- 3.8. Университетте білім алушылар тәртіпті және ұқыпты болуы керек, Университетте, көшеде, қоғамдық орындарда және күнделікті өмірде өзін өзі лайықты ұстауы қажет.
- 3.9. Университет Жарғысының талаптарын, осы Ережелерді сақтауға.
- 3.10. Барлық білім алушылардың Университет аумағындағы және клиникалық базалардағы киім нысаны - діни қатыстылығын баса көрсетпейтін, медициналық ақ халат пен қалпақ.
- 3.11. Университеттің және клиникалық базалардың аумағынан тыс жерде білім алушыларға ақ халатпен жүруге рұқсат етілмейді.
- 3.12. Университет білім алушыларын Қоғамдық, қоғамдық-саяси ұйымдарға (бірлестіктерге), қозғалыстар мен партияларға кіруге мәжбүрлеуге, сондай-ақ оларды осы ұйымдардың

	«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ	Дата: 20.12.2023	Басылым: бесінші
	«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ білім алушыларының ішкі тәртіп ережелері	Е БҚМУ 01-01-05	Стр. 4 из 9


қызметіне мәжбүрлеп тартуға және үгіт компаниялары мен саяси акцияларға қатысуға жол берілмейді.

4. ОҚУ УАҚЫТЫ. ОНЫ ПАЙДАЛАНУ ТӘРТІБІ. ДЕМАЛЫС УАҚЫТЫ.

- 4.1. Оқу сабақтарын ұйымдастыру және өткізу оқу бағдарламасы бейініне, тілге байланысты бөлімдерге сәйкес білім алушылардан құрылған академиялық топтар (семинарлар, зертханалық және практикалық сабақтар) және лектер (дәрістер) бөлінісінде жүзеге асырылады.
- 4.2. Деканаттың өкімі бойынша әр топқа неғұрлым табысты, белсенді, жауапты және тәртіпті білім алушылар қатарынан староста тағайындалады.
- 4.3. Топ старостасы тікелей факультет деканына бағынады және өз тобының үлгерімі, сабаққа қатысуы және ішкі тәртіп ережелерінің сақталуы туралы ақпарат береді. Старостаның жоғарыда аталған функциялар шегіндегі өкімдері топтың барлық білім алушылары үшін міндетті болып табылады.
- 4.4. Кафедраларда білім алушылардың оқытылатын пәндері бойынша оқу үлгерімі мен сабаққа қатысуы электронды журналға тіркеледі.
- 4.5. Университетте оқу сабақтары белгіленген тәртіппен бекітілген оқу жұмыс бағдарламаларына және жеке оқу жоспарларына сәйкес жүргізіледі.
- 4.6. Білім алушылардың оқу сабақтарының барлық түрлері мен оқыту нысандары бойынша жүктемесі негізгі білім беру бағдарламасы шеңберінде белгіленеді және нақтыланады.
- 4.7. Аудиториялық сабақтардың барлық түрлері үшін академиялық сағаттың ұзақтығы 50 минутқа тең.
- 4.8. Білім алушылардың сабақ басталғаннан кейін аудиторияға кіруіне кешігу себебін түсіндіргеннен кейін рұқсат беріледі.
- 4.9. Сабақтың басталғаннан кейін барлық оқу және оған іргелес үй-жайларда оқу сабақтарының қалыпты өтуі үшін тыныштық пен тәртіп сақталуы тиіс. Төтенше жағдайлардан туындаған жағдайларды қоспағанда, оқу сабақтарын үзуге, сабақ барысында аудиторияға кіруге жол берілмейді.
- 4.10. Әрбір оқу сабағы басталғанға дейін және сабақтар арасындағы үзілістер барысында зертханашылар мен офис-менеджерлер қажетті оқу аудиторияларын дайындайды.
- 4.11. Білім алушылардың демалыстары академиялық күнтізбемен, оқу жоспарымен айқындалады және білім алушыларға әрбір академиялық кезеңнен кейін белгіленген ұзақтықтан кем емес беріледі.

5. ОҚУДАҒЫ ЖЕТІСТІКТЕРІ ҮШІН КӨТЕРМЕЛЕУ


- 5.1. Оқудағы ерекше жетістіктері, Университеттің ғылыми-зерттеу жұмысына және қоғамдық өміріне белсенді қатысқаны үшін білім алушылар үшін мынадай көтермелеу шаралары белгіленеді:
 - алғыс жариялау;
 - грамоталармен марапаттау;
 - бағалы сыйлықпен марапаттау;
 - сыйлықақы беру;
 - оқуға жеңілдіктер;
 - жоғары стипендия тағайындау.
- 5.2. Білім алушыларды көтермелеу білім алушылардың уәкілетті органының пікірін ескере отырып, деканның ұсынуы бойынша Басқарма төрағасы -Ректордың бұйрығымен жарияланады және топ (факультет) білім алушыларына жеткізіледі. Көтермелеу туралы бұйрықтан үзінді білім алушының жеке ісінде сақталады.

	«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ	Дата: 20.12.2023	Басылым: бесінші
	«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ білім алушыларының ішкі тәртіп ережелері	Е БҚМУ 01-01-05	Стр. 5 из 9

- 5.3. Материалдық сипаттағы көтермелеулер университеттің қолда бар қаражаты шегінде және университеттің қаржы-экономикалық орталығының пікірі ескеріле отырып қолданылады.
- 5.4. Университетте оқуда, ғылыми жұмыста ерекше көзге түскен білім алушылар атаулы стипендияларды, оның ішінде ҚР Президентінің стипендияларын тағайындауға ұсынылуы, сондай-ақ ҚР заңнамасына, нормативтік актілерге және салалық ережелерге сәйкес өзге де марапаттауға ұсынылуы мүмкін.
- 5.5. Университеттен мемлекеттік және өзге де құзыретті органдарға марапаттауға ұсынылатын білім алушылардың кандидатуралары білім алушылардың өзін-өзі басқару органдарында талқыланады және олар ұсынуы тиіс.

6. ТӘРТІПТІ БҰЗҒАНЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК. УНИВЕРСИТЕТТЕН ШЫҒАРУ

- 6.1. Университетте білім алушылардың Университет жарғысында, осы Ережелерде, Жатақханаларда тұру ережелерінде, университеттің өзге де нормативтік және құқықтық актілерінде, білім беру қызметінің келісімшарттарында көзделген міндеттерді бұзуы тәртіптік теріс қылық болып табылады, оны жасағаны үшін мынадай тәртіптік жазалардың бірі қолданылуы мүмкін:
- ескерту;
 - сөгіс;
 - қатаң сөгіс;
 - Университеттен шығару.
- 6.2. Университет аумағында, оның клиникалық базаларында және жатақханаларында тыйым салынады:
- мінез-құлықтың жалпы қабылданған этикалық нормаларын бұзуға;
 - ПОҚ-ты, қызметкерлерді, білім алушыларды құрметтемеу;
 - қатты сөйлесу, шу, құмар ойындар, балағат сөздер айту, ұрысу, балағат сөздер жазу және т.б.;
 - темекі шегу және алкогольдік ішімдіктер ішу, есірткі заттар тарату;
 - санитарлық-гигиеналық нормаларды бұзу;
 - университет аумағында, оның клиникалық базаларында және жатақханаларында ақылы қызметтер немесе тауарлар ұсыну;
 - мүлікті қасақана бүлдіру немесе материалдық залалға әкеп соққан өзге де әрекеттер;
 - қандай да бір тәртіпсіздіктердің бастамашысы болу, Университет әкімшілігінің рұқсатынсыз ақпарат желімдеу және тарату, көрнекі үгіт-насихат жүргізу;
 - Университеттің жеке мүлкі мен материалдық мүлкін ұрлау.
- 6.2.1. Тәртіптік жаза шаралары (ескерту, сөгіс, қатаң сөгіс) нәтиже бермеген және білім алушының Университетте одан әрі болуы басқа білім алушыларға теріс әсер етіп, олардың құқықтары мен ЖОО қызметкерлерінің құқықтарын бұзған жағдайларда, мекеме әкімшілігі білім алушыны Ішкі тәртіп ережелерін бұзғаны үшін оқудан шығаруға құқылы.
- 6.3. Білім алушыға тәртіптік жаза (ескерту, сөгіс), жүйелі фактілер кезінде - қатаң сөгіс, мынадай жағдайларда қолданылуы мүмкін:
- білім алушының Университеттің қоғамдық өміріне дәлелсіз себеппен қатысудан бас тартуы (сенбіліктерге, жиналыстарға, кездесулерге, митингілерге және т.б. қатысудан);
 - Академиялық саясатқа сәйкес жүргізілетін оқыту, межелік және қорытынды бақылаулар жүргізу үдерістеріне негізсіз талаптардың бастамашысы болу;
 - топтағы білім алушыларды немесе курстастарын сабақ кестесі бойынша, топтарды құру бойынша, сессия кезеңдерін қалыптастыруға, кредиттерді, этика нормаларын орындау бойынша негізсіз талаптарды орындауға, апелляциялар бойынша өтініштерді жаппай жазуға қасақана итермелеу.
- 6.4. Ішкі тәртіп ережелерін өрескел бұзу фактісі орын алған жағдайларда:

	«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ	Дата: 20.12.2023	Басылым: бесінші
	«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ білім алушыларының ішкі тәртіп ережелері	Е БҚМУ 01-01-05	Стр. 6 из 9

- Университет аумағында, клиникалық базаларда және жатақханаларда алкоголь, токсикалық және есірткілік заттар пайдаланған күйде болу;
- білім алушылардың Университетке түсуіне және (немесе) оқуына байланысты жалған құжаттар немесе өтірік мәліметтер ұсыну;
- білім алушылардың Университеттің іскерлік беделіне, абыройы мен мәртебесіне нұқсан келтірген немесе зиян келтіруі мүмкін әдепсіз мінез-құлық фактілері;
- білім алушылардың және (немесе) жұмыскерлердің денсаулығы мен өміріне қауіп төндіретін немесе зиян келтіруі мүмкін бұзақылық әрекеттер мен теріс қылықтар;
- ПОҚ-қа, қызметкерлерге, білім алушыларға қатысты физикалық жәбірлеу, зорлық-зомбылық және қорқыту фактілері; білім алушылар арасындағы төбелес және бопсалау;
- ұлтаралық алауыздық пен қақтығыстарды, діни экстремизм мен сепаратизмді өршіту фактілері, ҚР Заңы бойынша қудаланатын ақпаратты тарату және орналастыру;
- сыбайлас жемқорлықпен ұштасатын немесе оның туындауы үшін жағдай жасайтын әрекеттер жасалады; егер бұл әрекеттер іскерлік беделге, ар-намыс пен мәртебеге нұқсан келтірсе, Қылмыстық кодексте немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексте көзделген заңды күшіне енген сот шешімімен белгіленген әрекеттерді жасау;
- тәртіптік жаза шараларын қолдану және таңдау құқығы университет ректорына тиесілі және білім алушыны университеттен шығаруды көздейді.

- 6.4.1. Қажет болған жағдайларда әкімшілік тәртіп бұзушылықтың мән-жайларын қызметтік тексеруге немесе білім алушының жазбаша түсіндірмесінде көрсетілген фактілерге тексеру жүргізуге құқылы.
- 6.4.2. Білім алушылар Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген әрекеттерді жасаған жағдайда, университет тиісті органдарға жүгінуге құқылы.
- 6.5. Жасалған тәртіп бұзушылықтың барысы бойынша білім алушыдан жазбаша түсініктеме алғаннан кейін тәртіптік жаза қолданылуы мүмкін. Мұндай түсініктеме беруден бас тарту актімен рәсімделеді және жетекшіні жаза қолдану құқығынан айырмайды.
- 6.5.1. Білім алушыларға тәртіптік жаза 1 оқу жылына, теріс қылық анықталған күннен бастап, білім алушының ауырған уақытын немесе (және) оның демалыста болған уақытын есептегенде, бір айдан кешіктірілмей және ол жасалған күннен бастап 6 айдан кешіктірілмей, қолданылады.
- 6.5.2. Білім алушының тәртіптік жазасының болуы оны әлеуметтік қолдаудың қосымша бағдарламаларын алу құқығынан айырады (қосымша гранттарға, босаған гранттарға ауыстыруға, атаулы стипендиялар мен санаторий-курорттық емделуге жолдамалардың, әкім грантының иегері болуға, «Болашақ» бағдарламасы бойынша оқуға, жатақханада тегін тұруға, еңбекке уақытша жарамсыздыққа, жетім балаларға материалдық көмекке және сыйлықақының басқа түрлері құқығы).
- 6.5.3. Білім алушыларды сырқаттануы, демалысы, академиялық демалысы немесе жүктілігі мен босануы бойынша демалысы кезінде тәртіптік жаза бойынша оқудан шығаруға жол берілмейді.
- 6.5.4. Тәртіптік жаза шарасын қолдану және таңдау құқығы тәртіп бұзушының кінәсінің дәрежесін, жасалған теріс қылықтың ауырлығын, бұзушының бұрынғы және кейінгі мінез-құлқын және теріс қылық жасалған мән-жайларды ескере отырып, Университет ректорына және уәкілетті лауазымды тұлғаларға (оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі проректорға, декандарға) тиесілі.
- 6.5.5. Жарияланған тәртіптік жаза факультет деканы қол қойып, білім алушыға жеткізіледі. Жазаның қолданылуы туралы мәліметтер білім алушының жеке ісіне тіркеледі.



**«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан
медицина университеті» КеАҚ**

**Дата:
20.12.2023**

**Басылым:
бесінші**

**«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ білім
алушыларының ішкі тәртіп ережелері**

**Е БҚМУ
01-01-05**

Стр. 9 из 9